БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 87 (9149) | 1953 жылғы 29 апрель Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еліміздің барлық колхоздарын онан сайын өркендетіп, гүлдендіре беріңдер! Қоғамдық шаруашылықты нығайтып, барлық жағынан өркендету үшін, колхоздар мен колхозшылардың табысын молайту үшін күресіңдер! Колхоз тұрмысының негізгі заңы—ауылшаруашылық артелінің Уставын қасиеттеп орындаңдар!

(СОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы 1 майға арнаған Ұрандарынан).

Егіс жұмыстарында механизация күшін өнімді пайдалану—табыс кілті

Облысымыздың алдыңғы катарлы колхоз, совхоздарының егіншілері мен машина- трактор станцияларының механизаторлары бұл күндерде аса жауапты кезеңді бастан өткізуде. Олар үстіміздегі жылы ауылшаруашылық дақылдарының барлық көлемінен мол өнім алудың негізін қалауда.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Бірінші майға арнаған Ұрандары ауыл шаруашылығының еңбекшілерін егіншілік мәдениетін бұрынғыдан да арттыру, қоғамдық мал басын мейлінше көбейтіп, оның өнімділігін арттыра беру жолында жаңқырлықпен еңбек етуге жігерлендіруде. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздарының егіншілері мен МТС-терінің механизаторлары партиямыздың Ұрандарына лайықты іспен жауап беру үшін, колхоз, совхоздардың егін даласында ерлік еңбекпен шұғылдануда. Олар көктемгі егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге міндеттенін отыр.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстарының ең қызу кезеңі басталды. Осыған қарамастан облысымыздың көптеген аудандарында, колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстарының әлі күнге дейін шындап кең өрістетілмей отырғандығын мойындауымыз керек. Облыстың Совет, Мамлют, Булаев сыяқты аудандарының бірсыпыра колхоздары егіс жұмыстарын осы уақытқа дейін кең өрістете алмай отыр.

Облыс колхоз, совхоздарында егіс жұмыстарының әлі күнге дейін кеңінен өрістетілмеуінін ең негізгі себептерінін бірі —механизация күшінің жұмысқа әлі де толық қосылмауында, ал, жұмысқа қосылған техника қуатының сарқа пайдаланылуын қамтамасыз ете алмауда деуіміз керек. Өйткені, біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егіс жұмыстары түгелдей дерлік механизация күшімен атқарылатыны мәлім.

Егіс жұмыстарының табысты жүргізілуі әрбір трактордың күн сайын емес, сағатын емес, минутын емес, секундын емес, тоқтаусыз істеуі үшін қажетті шарттардың бірі —техникалық күтімді тыңғылықты ұйымдастыру. МТС-тер мен совхоздардың басшылары, механиктер тракторлардың жұмыс кезінде тыңғылықты күтілуіне жетісуге тиіс. Тракторларға тыңғылықты техникалық күтім ұйымдастыруда, тракторларда кездесетін болмашы ақауларды жұмыс үстінде кідіріссіз жөндеуде көшпелі мастерскойлар тракторшыларға зор көмек көрсетуге міндетті. Бұл жағдай жете ескеріліп, көшпелі мастерскойлардың жұмысын жақсартуға, оларды қажетті запас бөлшектермен, құрал-саймандармен қамтамасыз етуге айырықша көңіл бөлінетін болсын.

Кәзір облыс МТС-терінің көпшілігінде тракторлар бір-ақ смена жұмыс істеп жүр. Бұдан былайғы жерде барлық тракторлардың екі смена бойы жұмыс істеуін ұйымдастыру қажет. Бұл үшін әрбір трактор жарықпен қамтамасыз етіліп, екі смена бойы жұмыс істеуге қажетті басқа да жағдайлар жасалуы керек.

Тракторлардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тракторшылар арасында социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді ұйымдастыру керек. Тракторшылардың жұмыс қорытындылары кезінде қорытылып, жүртшылыққа әйгіленін отыратын болсын. Озат тракторшылардың жұмыс тәжрибелері «Жауынгерлік листоктар» мен қабырға газеттерінде жазылын, көпшіліктің игілігіне пайдаланылсын. Ал, біз

ету үшін барлық шешуші шараларды қолдануға міндетті.

Механизацияның тетігі маман механизатордың қолында. Сондықтан трактор бригадаларының маман тракторшылармен толықтырылуына жетісу керек. Ал, Сартомар, Торанғұл сыяқты МТС-терде тракторшылар әлі де жетіспейді. Сол сыяқты, жанар, жағар май, су тасушылар тіркеушілер жеткілікті бөлініп, олардың тұрақты жұмыс істеуіне де жете назар аудару қажет.

Тракторлардың егіс кезінде өнімді жұмыс істеуі үшін қажетті шарттардың бірі —техникалық күтімді тыңғылықты ұйымдастыру. МТС-тер мен совхоздардың басшылары, механиктер тракторлардың жұмыс кезінде тыңғылықты күтілуіне жетісуге тиіс. Тракторларға тыңғылықты техникалық күтім ұйымдастыруда, тракторларда кездесетін болмашы ақауларды жұмыс үстінде кідіріссіз жөндеуде көшпелі мастерскойлар тракторшыларға зор көмек көрсетуге міндетті. Бұл жағдай жете ескеріліп, көшпелі мастерскойлардың жұмысын жақсартуға, оларды қажетті запас бөлшектермен, құрал-саймандармен қамтамасыз етуге айырықша көңіл бөлінетін болсын.

Кәзір облыс МТС-терінің көпшілігінде тракторлар бір-ақ смена жұмыс істеп жүр. Бұдан былайғы жерде барлық тракторлардың екі смена бойы жұмыс істеуін ұйымдастыру қажет. Бұл үшін әрбір трактор жарықпен қамтамасыз етіліп, екі смена бойы жұмыс істеуге қажетті басқа да жағдайлар жасалуы керек.

Тракторлардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін тракторшылар арасында социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмысты пәрменді ұйымдастыру керек. Тракторшылардың жұмыс қорытындылары кезінде қорытылып, жүртшылыққа әйгіленін отыратын болсын. Озат тракторшылардың жұмыс тәжрибелері «Жауынгерлік листоктар» мен қабырға газеттерінде жазылын, көпшіліктің игілігіне пайдаланылсын. Ал, біз

Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Жаңашыл-мастер П. И Горьков жолдастың техникалық жетілдіруін республиканың өнеркәсіп орындарында қолдану туралы

Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігі «Главэнергозапчастінің» Алматы механикалық заводының жаңашыл-мастері П. И. Горьков жолдас станок моторының электр қуатын пайдалана отырып, өңделетін бөлшектерді қысып ұстайтын өте ыңғайлы жартылай автомат патронды қолдану жолымен токарлық станоктың жұмысын жетілдірді, сөйтіп, біздің өнеркәсібімізді онан әрі өркендету ісіне патриоттық үлес қосты.

Заводта осы жетілдіруді енгізу бөлшектерді өңдеген кезде қосалқы жұмыстарға жұмсалатын уақытты бірнеше есе кемітті, бұл бөлшектерді станокқа бекітетін жұмысшыны қол еңбегінен босатып, токарлардың еңбек өнімділігін шұғыл арттырды.

Бұл техникалық жетілдіруге зор маңыз беріп және оны республиканың көптеген кәсіпорындарында кеңінен қолдануға болатындығын еске алып, Қазақстан КП Орталық Комитеті мастер П. И. Горьков жолдастың инициативасын мақұлдады және Алматы механикалық заводының бас инженеріне патронды баяндап жазуды және қажетті чертеждер жасауды міндеттеді. Қазақ ССР Ғылым академиясына осындай чертеждер жасауда заводтың басшылығына техникалық көмек көрсету тапсырылды, ал Қазақ ССР Академиялық әдебиет баспасына П. И. Горьков жолдастың жетілдіруін баяндайтын кітапшаны көп тиражбен басып шығару тапсырылды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың өнеркәсіпорындарының басшыларын Алматы механикалық заводында қолданылған токарлық станоктың жартылай автомат патронын өндіріске енгізуді қамтамасыз етуге міндеттеді. Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, өнеркәсіп орындарының бастауыш партия ұйымдарына осы техникалық

Егіс жұмысы тез және сапалы жүргізілсін

☆ ☆ ☆

Жұмыс қарқыны неліктен баяу?

Приишім ауданының бірқатар колхоздары көктем егісіне толық әзірлікпен кіріспеді. Оның себебі —колхоз басшылары колда бар күш- мүмкіншілікті егіс жұмыстарына әзірлікті барлық жағынан үлгілі аяқтауға жұмылдыра алмады. Олар арқаны кеңге салып, мол өнім алу жолындағы күресті дұрыс ұйымдастырмады. Мұның әсері дала жұмыстарының алғашқы күндерінен-ақ көріне бастады.

Куйбышев атындағы колхоз — ауданның ең ірі және асқақты колхоздарынын бірі. Мұнда 3 трактор бригадасы жұмыс істеуге тиіс еді. Бірақ, тракторлардың жұмыс істеуі өте-мөте нашар. Екі шынжыр табанды трактор сапасыз жөнделгендіктен өнімді жұмыс істемей келеді. Бұл екі трактор көбіне сынып, босқа тұрады.

Дайын жердің жеткіліктілігіне қарамасқан, мұнда егіс басталғаннан бері небары 225 гектар жерге ғана тұқым себілген. Жер жырту қарқыны өте баяу. Түренді плуттар әлі күнге дейін жұмысқа қосылмаған. Колхоз басшылары көлік күшін егіс жұмыстарына пайдалануды мүлде ойламайды. Бұл мәселеге олар ешбір мән бермей жүр. Өйткені, олар барлық жұмысты трактор қуатымен атқарамыз деген сыңар жақты пікірден арыла алмай келеді. Колхоз председателі Никулин жолдас:

—Көлік күшімен неше гектар жер жұмысталды,—деген сұраққа:

—Шамасы 70 гектардай жер тырмаланды білем,—деп жауап береді.

Ал, осы колхоз 440 центнер жай тұқымды шығымды тұқымға айырбастауға тиіс еді. Бірақ, тұқым айырбастау ісін колхоз басшылары осы күнге дейін ұйымбастырмай отыр. Бар болғаны 28 центнер тұқым ғана айырбасталып алынған. Колхозда сортты тұқым мүлде жеткіліксіз. Адайда, мол өнімнің негізі —сортты тұқымның жеткіліксіздігі колхоз басшыларын ешбір қынжылтар емес.

дарынан егіс жұмыстарының сапасы нашар, қарқыны тым баяу болып отыр. Мұнда да колда бар көлік көктемгі егіске атымен пайдаланылмайды. Ат сеялкалары жөнделген, бірақ, олар тұқым себуге әлі қосылған жоқ. Колхоз басшылары оларды осы күннен жұмысқа қосуды қамтамасыз етпей отыр. Ал, шынында мұнда ат сеялкаларын жұмысқа қосуға толық мүмкіншілік бар. Колхоз председателі Коваленко жолдас:

—Бригада сайын бір-бір ат сеялкасымен тұқым себілмек. Бірақ, олар кәзір емес, бірінші майдан кейін жұмысқа қосылады, —дейді шімірікпестен.

Колхозда шығымды тұқым жеткіліксіз. Мұнда 1100 центнер жай тұқым сортты тұқымға айырбасталып алынуға ұйғарылған- ды. Колхоз 800 центнер тұқымды Мамлютқадан, 300 центнер тұқымды Петропавлдан айырбастап алмақ еді. Бірақ, колхоз басшыларының кінәсінен бұл жұмыс күні бүгінге дейін қолға алынған жоқ.

Бұл колхозда еңбек ұйымдастыру ісі нашар. Колхозшылар жұмысқа өздерінің мамандығына, іскерлік қабілетіне қарай бөлінбеген. Әсресе, егіс бригадалары трактор бригадаларын дұрыс қамтып отырмайды. Мұның өзі егіс жұмыстарының тікелей баяу жүргізілуіне әкеліп соғуда.

«Культурный пахарь» колхозында көпжылдық шөп егуге жете мән берілмей отыр. Көпжылдық шөптердің тұқымы жеткілікті қуйылып алынбаған. Колда бар аз-маз шөп тұқымын себудің өзі кеш басталды.

Мұнда егіс жұмыстарының сапасына жеткілікті көңіл бөлінбейді. Жер жыртуда агротехникалық ережелер мұқият сақталмайды. Мәселен, № 11 трактор бригадасында жер өте тайыз жыртылды. Колхоз басшылары және осы колхоздағы участоктік агроном Кузьменко жолдас егіс жұмыстарындағы мұндай кемшіліктерді кезінде көріп, оны жойып отырмайды.

ӨРЛЕУ

Мамлют ауданының таңдаулы егіншілері 1 Май мерекесін лайықты өндірістік тартулармен қарсы алуда.

«Пробуждение» колхозының егіс даласында жұмыс істейтін трактор бригадасының (бригадирі Неизвестный жолдас) механизаторлары сменалық тапсырманы асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Бұл жарыста «ЧТЗ» тракторының жүргізушілері З. Ламонов, И. Зонельшильд жолдастар алда келеді. Олар күніне 15—20 гектар жерді нормадан артық жұмыстайды. Тракторшы Швецов жолдас та өзі жүргізетін «С—60» тракторымен жер жыртуда сменалық тапсырманы артығымен орындайды. Механизаторлардың мұндай өнімді еңбектері нәтижесінде колхозда мың гектарға жуық егістік жер тұқым себуге әзір етілді.

Интернационал МТС-ніц № 14 бригадасының мүшелері де 1 май мерекесіне лайықты тартулар әзірлеуде. Бригада мүшелері өздері жұмыстаған егістік жердің әрбір гектарынан 15—16 центнерден өнім алуға міндеттенді. Каганович атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін бұл бригаданың механизаторлары бұл алған көтеріңкі міндеттемелерін ойдағыдай орындайды. Бұған олардың кәзіргі өндірістік табыстары кепіл.

Бригаданың Плохин, Михайловский жолдастар сыяқты тракторшылары еңбекте үздік табыстарға жетіп жүр. Бұлар «СТЗ—НАТИ» тракторымен әрбір сменада біржарым нормадан орындап келеді.

М. ИГНАТЬЕВ.

Үздік шыққандар

1 Май алдындағы социалистік жарысты өрістете отырып, Шағлы астық совхозының егіншілері дала жұмыстарын қызу жүргізуде. Тракторшы М. Мироненко жолдас күрделі табыстарға жетіп жүр.

рат сайын өнімді жұмыс істеуіне байланысты. Бұл —белгілі қағида. Алайда, Булаев, Петропавл, Асанов, Сартомар МТС-терінің басшылары егіс жұмысында әрбір трактордың қуатының сарқа пайдаланылуын қамтамасыз етс алмай отыр. Жасыратыны жоқ, аталған машина-трактор станцияларында әлі күнге дейін жөнделіп бітпей, жұмысқа қосылмай тұрған тракторлар да бар. Ал, Петропавл МТС-інің жұмыска қосылған кейбір тракторлары алғашқы сағаттарда- ақ бұзылып, саптан шығып қалып жатыр. Бұл факті МТС басшыларының машина- трактор паркінің сапалы жөнделуін қамтамасыз етпегендігін дәлелдейді.

Бүгін таңда алдымызда тұрған ең басты міндет —егін жұмысындағы олқылықты дереу жойып, егіс жұмыстарының кешінен өрістетілуін және оның кезінде және сапалы аяқталуын қамтамасыз ету. Бұл міндеттің табысты жүзеге асырылуы әрбір колхоз, совхозда механизация күшінің өнімді жұмыс істеуіне жетісуге байланысты. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары әрбір трактордың егіс жұмысында өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз

істеуінде кемшіліктер орын алып отырмайды.

Ленин атындағы МТС-те әлі күнге дейін 3 трактор жөндеуден өтпеген. МТС қамтуындағы колхоздарда егіс жұмыстарының қарқыны өте баяу. Өйткені, тракторлардың жөнделу сапасы нашар. МТС басшылары тракторлар қуатының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етпей отыр. Осы МТС-тің қамтуындағы «Талапкер» колхозы егіске кешігіп кірісті. Мұнда да егіс жұмыстары бетімен жіберілген. Бұл колхозда тұқым тазалау әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Трактор бригадаларын қамту нашар. Жанар және жағар майын тасу ісі дұрыс ұйымдастырылмаған.

Приишім ауданының басшылары көктемгі егістегі бұл сыяқты кемшіліктерді дереу жойып, дала жұмыстарының қарқынын арттырып, сапасын жақсартуға, егісті агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

БОГОЛЮБОВО (арнаулы тілшіміз).

Ол көктемгі дала жұмыстары басталған күннен бері «ЧТЗ» тракторымен сменалық норманы үнемі біржарым есе асыра орындайды. Тандаулы механизатор тракторымен күн сайын 180—200 гектар жер тырмалайды.

Көпжылдық және біржылдық шөп тұқымын себуде И. Дик жолдас басқарған комсомолецтер агрегаты өнімді жұмыс істеп келеді. Дик жолдас уақыттың әрбір минутын тиімді пайдаланады. Ол өзі жүргізетін «С—80» тракторына техникалық күтімді мезгілімен жасайды. Бұл арқылы ол тракторының өнімді жұмыс істеуіне жетісулі. Агрегаттағы комсомолецтер П. Павленко, Т. Гончарова жолдастар да тұқым себуде еңбек үлгісін көрсетіп жүр.

Бұл сыяқты адал еңбек өзінің игі нәтижесін беруде. Агрегат күн сайын 125—135 гектар жерге малазығындық шөп тұқымын сеуіп, сменалық норманы артығымен орындайды.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

тілдіруді іс жүзінде қолдануға бақылау жасап, бұл істе шаруашылық басшыларға қажетті көмек көрсету тапсырылды.

ӘРБІР ЕКІНШІ ЖҰМЫСШЫ —РАЦИОНАЛИЗАТОР

Москваның Л. М. Каганович атындағы бірінші подшипник заводында рационализаторлық ұсынысты жыйнаудың айлығының қорытындысы шығарылды. Бір айдың ішінде кәсіпорнының жұмысшыларынан өндіріс технологиясын жетілдіруге, еңбек өнімділігін арттыруға, металды үнемдеуге бағытталған 2280 ұсыныс түсті.

Ролик жасау цехының коллективі жақсы табыстарға ие болды, онда әрбір екінші жұмысшы рационализатор болып табылады. Олар бір айдың ішінде 372 ұсыныс жасады. Олардың көпшілігін өндіріске енгізу жарты миллион сомға жуық қаржы үнемдеуге мүмкіншілік берді. (СОТА).

Куйбышев атындағы колхозда егіс жұмыстарының сапасы да төмен. Колхоз басшылары жұмысталған жердің сапасын күнбе-күн тексеріп, бақылап отырмайды. Бұған дәлел сол —дала жұмыстары басталғалы басқарма мүшелері жұмысталған жердің сапасын бір рет те тексермеген. Осы сыяқты, бақылаудың жоқтығынан № 1 трактор бригадасы жұмыстаған өндаған гектар жердің сапасы мүлде қанағаттанғысыз болған. Осы колхоздағы участоктік агроном Клишин жолдас бір айтадан артық уақыт бойына егіс басына бармаған. Ол егіс басына барып, егіншілерге қолма- қол көмек көрсету орнына, кеңседе отырып, мәлімет жасау, қағаз көшіру сыяқты жұмыстармен күн өткізіп келген.

Көктемгі егіске «Культурный пахарь» ауылшаруашылық артелінің басшылары да нашар басшылық жасап отыр. Мұнда қолда бар күш- мүмкіншіліктер егіске толық пайдаланылмай келеді. Соның сал-

Советтік Қазақстанда

Халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресі Комиссиясының хатына

Совет Үкметінің жауабы

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартын жасау мақсатында келіс сөздерді бастауды ұсынып, ССРО, АҚШ, Қытай Халық Республикасы, Великобритания және Франция үкметтеріне хат жолдаған халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің Комиссиясына Совет Үкметінің жауабын 27 апрельде Парижге жолдады.

Төменде Совет Үкметінің жауабының тексті жарияланып отыр:

«ХАЛЫҚТАРДЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУ КОНГРЕСІНІҢ КОМИССИЯСЫНА:

Фредерик Жолио- Кюриге (Франция), Иозеф Виртке (Германия), Пьетро Неннигe (Италия), Изабелла Блюмга (Бельгия), генерал Буксбаумга (Бразилия), Чэн Шенюга (Қытай), Пьер Котқа (Франция), Николай Тихоновка (ССРО), Илья Эренбургке (ССРО), пастор Эндикотка (Канада), Монике Фелтонга (Англия), Дж. Б. Фингинске (Англия), пастор Форбекке (Норвегия), Ивашкевичке (Польша), генерал Харага (Мексика), Горо Ханига (Жапония), Китчлуга (Индия), Мао Дуньга (Қытай), Ма Инь-чуга (Қытай), Сеза Набравиге (Египет), Джузеппе Ниттиге (Италия).

Құрметті мырзалар,

Осы жылғы 27 мартта сіздердің доктор Иозеф Виртгің, Пьетро Неннидің, Фредерик Жолио- Кюридің Комиссиясының тапсыруы бойынша халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің Совет Одағы, Америка Құрама Штаттары, Қытай Халық Республикасы, Великобритания және Франция арасында бейбітшілік Шартын жасасуды ұсынатын Үндеуін қоса жолдаған телеграммаларыңызды Совет Үкметі алды.

ССРО Үкметі бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықты нығайту жөніндегі өзінің саясатынан айнымай, халықтардың бейбітшілікті қорғау Конгресінің Үндеуіндегі ұсыныстарға қосылады.

Мүдделес елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолмен шешуге болмайтын даулы және шешілместей мәселеніің жоқ екендігіне Совет Үкметі сенеді. Осыған байланысты Совет Үкметі жаппай бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздіктің жоғары мақсаттарына жету үшін басқа елдердің үкметтерімен ынтымақтасуға өзінің әрқашан әзір екендігін мәлімдейді.

Совет Үкметінің тапсыруы бойынша

В. МОЛОТОВ,

ССРО Сыртқы Істер Министрі».

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫЛАРДЫҢ ЖЫЙНАЛЫСЫ

Жуырда Полудень ауданы алдыңғы қатарлы егіншілері мен малшыларының жыйналысы болып өтті. Онда 1952 жылға алған міндеттемелердің орындалуы және 1953 жылғы колхоздардың міндеттері туралы аудандық атқару комитетінің председателі Филиппенко жолдас баяндама жасады.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Қарағандының Киров атындағы шахтасының клубы жанында сурет салу үйірмесі жұмыс істейді.

СУРЕТТЕ: Шахтер **Т. Аталбеков** сурет үйірмесінің студиясында сурет салып тұр.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

САҚЫЙНАЛАНҒАН ҮЙРЕК

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Аңшылықпен әуес тенуші Дряхлов жолдас Теректі көлдерінен көп құс атып әкелді. Ол атып алған 48 үйректің ішінде бір бізқұйрық көжек үйректің сыйрағында «Москва 2.12.22.71» деген жазуы бар сақыйна табылған. Аңшы бұл сақыйнаны Москваға жіберді.

Кітап оқушылар жазушы Спандияр Көбеевпен кездесті

ҚОСТАНАЙ (ҚазТАГ). Меңдіқара ауданындағы Ақсуат ауылында қазақтың ең қарт педагогі және жазушысы Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» деген романы бойынша кітап оқушылардың конференциясы болды. Ақсуатта бұл кітапты ерекше сүйсініп оқуда. Қазақ халқының өткендегі және кәзіргі өмірін бейнелейтін роман жергілікті жердің материалы бойынша жазылған.

Конференцияда сөз сөйлеген С. Көбеевтің бұрынғы шәкірттері —колхозшы Мақамбетов жолдас, мұғалімдер Көшербаев, Шожанов, Тибеев жолдастар, «Ақсуат» колхозының председателі Хасанов жолдас және басқалары романды өте жоғары бағалап, оның зор тәрбиелік маңызы бар екенін атап көрсетті. Конференцияға қатысушылар бірсыпыра сын ескертпелер жасап, өздерінің авторға білдірген тілектерін айтты

Конференцияның қорытындысында С. Көбеев сөз сөйледі. Ол өзінің творчестволық жоспарлары туралы айтты. Кәзір С. Көбеев жаңа кітапты жазу жұмысын аяқтап келеді, бұл кітапта ол жас ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі өзінің жарты ғасырлық тәжрибесін қорытқан. Мұның үстіне жазушы балаларға арналған әңгімелер жыйнағын әзірлеп, қазақ халқының ағартушысы Ыбрай Алтынсаринмен кездескен кезеңдері туралы есте қалғандарын жазып жатыр.

Дала қостарындағы қабырға газеттері

МИХАЙЛОВКА, (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Свердлов ауданының Ленин атындағы колхозында «Сталиндік жол» қабырға газетінің кезекті номері шықты. Газетте егіншілер мен механизаторлардың табыстары туралы хабар жарияланған. Олар қант қызылшасын егуді қысқа мерзімде жоғары агротехникалық дәрежеде аяқтаған. Мақаланың бірінде Әмірек Жұмановтың трактор бригадасы Краснодар өлкесінің атақты механизаторы Иван Шацкийдің үлгісімен егіннен мол өнім алу үшін қалай күрес жүргізіп келе жатқандығы айтылған. Комплексті жұмыс, жанар майды және запас бөлшектерді үнемдеу бригаданың егіс жұмысы басталғаннан бері біржарым мың сомға жуық қаржы үнемдеуіне мүмкіндік берген. Таңдаулы тракторшылар Жолдасбек Дәуренбеков, Мырзалы Алдабергенов, тағы басқалары тіркеу құралдарын агрегаттауды қолданып, ай сайын екі нормадан орындауда.

Қабырға газеттің көптеген тілшісі бар. Газетте звено жетекшілерінің, стахановшылардың, тракторшылардың, агрономдардың, бригадирлердің және үгітшілердің мақалалары үнемі басылып тұрады. Олар өз тәжрибелерін ортаға салып, кемшіліктерді атап көрсетті, жалқауларды, салақтарды, жұмысқа немқұрайды қараушыларды батыл сынайды. Қабырға газеті егіншілік бригадаларындағы жалпы өндірістік өрлеуді күшейту жолында күрес жүргізуде.

Ауданның барлық колхоздарында қабырға газеттерін шығару жұмысы жақсы жолға қойылған.



«Казкнижторгтың» Ақтөбедегі бөлімшесінде.

СУРЕТТЕ: Бөлім меңгерушісі А. Н. Каленский кітапханаларға жіберілетін кітаптарды іріктеп тұр.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

ЕМДЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Қазақ ССР Ғылым академиясының эксперименттік хирургия институтының біртоп ғылми қызметкерлері 23 апрельде Текелі комбинатында өз жұмысын аяқтады. Институт қызметкерлері бір ай бойы жұмысшылар еңбегінің физиологиясын зерттеп, қала ауруханаларында емдеудің жаңа әдістерін қолдануға көмектесті.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу—аса маңызды міндет

(ҚКП қалалық комитетінің VII пленумынан)

Жуырда қалалық партия комитетінің кезекті VII пленумы болып өтті. Пленум қала партия ұйымында партия мүшелігіне кандидаттарға саяси тәрбие берудің жайы туралы қалалық партия комитетінің секретары Кузнецов жолдастың баяндамасын талқылады.

Қалалық партия комитеті және бірсыпыра бастауыш партия ұйымдары партияның XIX съезінің қарарлары мен қалалық XVII партия конференциясының қаулысын басшылыққа ала отырып, партиялық- ұйымдық және партиялық -саяси жұмыстың жайын біраз жақсартты. Партия қатарына адам қабылдау ісіне талапты күшейтті. Лениндік- сталиндік принципті қатаң сақтай отырып, бастауыш партия ұйымдары партия қатарына өнеркәсіп пен транспорттың белсенді озаттары —өндіріс жаңашылдарын, стахановшыларды, таңдаулы интеллигенттерді қабылдайтын болды.

Алайда, партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу ісі қала партия ұйымында партия алға қойған міндеттер дәрежесіне сай емес. Паровоз депосы, кондукторлар резерві және басқа бірнеше партия ұйымдары партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысты жақсарту жөнінде съезд қарарлары мен СОКП Уставының талаптарын жеткіліксіз орындап келеді. Оларда кандидаттар арасындағы жұмыс бетімен жіберілген. Қалалық партия комитеті және оның партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімі партиялық жұмыстың бұл маңызды участогін жақсарту жөнінде бастауыш партия ұйымдарына қажетті көмек көрсете алмай отыр. Міне, сондықтан да қала партия ұйымында партия мүшелігіне кандидаттардың 84 процентінің кандидаттық стаж мерзімдерінің өтіп кетуіне таңдануға болмайды.

Баяндамашы сөзінің соңында партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеуді жақсарту жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Баяндама бойынша жарыссөз басталды.

Паровоз депосы цех партия ұйымының секретары Ленин жолдас паровозшылар цехында партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмыстың жайына тоқталды. Біз, деді ол, партияның XIX съезі аяқталысымен- ақ партия мүшелігіне кандидаттардың съезд материалдарын және партияның Уставын үйренуін ұйымдастырдық. Мен кандидаттармен жиі әңгімелесіп, олардың авангардтық ролін арттыруына көмек көрсетіп отырамын. Алайда, бізде партия мүшелігіне кандидаттардың 90 процентінің кандидаттық стаждары өтіп кеткен. Әрине, буған алдымен біз, цех партия ұйымы кінәлі. Солай бола тұрса да қалалық партия комитетінің кандидаттармен жұмысты жақсарту жөнінде мардымды ештеңе істемей отырғанын айтпай кетуге болмайды. Ол бұл жұмыстың жайымен тек осы пленумға материал дайындау кезінде ғана шұғылданды.

—Біз, —деді ауыл шаруашылығы орта мектебі партия ұйымының секретары Сандыбаев жолдас,— партия мүшелігіне кандидаттармен жұмыска үнемі назар аударып келеміз. Оларға партиялық тапсырмалар беріп, оның орындалуын үнемі тексеріп отырамыз. Алайда, біздің жұмысымызда кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір партия мүшелігіне кандидаттар тарапынан тәртіп бұзу сияқты фактілер кездеседі. Қалалық партия комитетінің басшы қызметкерлері мектепте жиі болса, ұйымның жұмысындағы кемшіліктер анағұрлым кем болар еді. Бірақ, амал не, соңғы екі жылдың ішінде олардың бірде-бірі біздің ұйымда болған емес. Қалалық комитет бастауыш партия ұйымдарынан партия мүшелігіне өту жөніндегі арыздардың тез қаралуын талап етеді. Мұның өзі орынды. Бірақ, қалалық комитетте бастауыш партия ұйымдарынан түскен материалдар қаралмай ұзақ уақыт жатып қалады.

Киров атындағы завод партия ұйымының секретары Шатунов жолдас өзінің сөзінде партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу жөніндегі кейбір жұмыстарды хабарлады. Завод партия ұйымы партияның XIX съезінен бергі жерде 14 адамды партия мүшелігіне қабылдаған. Олардың басым көпшілігі өндіріс озаттары —стахановшы жұмысшылар. Алайда, жұмыстағы кемшіліктерді бүркемелеуге болмайды. Партия ұйымы партия мүшелігіне кандидаттар үшін арнаулы әңгімелер мен лекцияларды жеткіліксіз ұйымдастырады. Бұл кемшіліктерді жоюды завод партия бюросы өзінің басты міндеттерінің бірі етіп қойып отыр. Ол цех партия ұйымдары секретарьларына жас коммунистер арасындағы жұмысты жақсарту үшін қажетті практикалық көмек көрсетеді.

Шатунов жолдас қалалық партия комитетінің жұмыс стилін сынай келе былай деді:

— Партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімі және оның нұсқаушылары өзінің жұмысын көбіне ұйымдардан түрлі мәліметтер жыйнаумен және коммунистердің жеке басының ісін дайындаумен ғана тындырып, өнеркәсіп, транспорт партия ұйымдарына қажетті көмек көрсете алмай жүр.

«Комсомолка» тігін фабрикасының директоры Ермолин, облыстық Совет атқомі партия ұйымының секретары Зерневич және Силин жолдастар өздерінің сөздерінде партия мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу жұмысын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Пленум талқыланған мәселе бойынша тиісті қарар қабылдады.

Оқытушылардың маркстік-лениндік оқуы

Диалектикалық және тарихи материализмді үйренетін біздің ұйірме 1951 — 1952 оқу жылында жоғары типті ұйірменің оқу программасын ойдағыдай аяқтаған тыңдаушылар есебінен ұйымдасты. Бұл ұйірмеде Надеждин жетіжылдық мектебінің оқытушылары және механизациялау мектебінің қызметкерлері —барлығы 16 адам оқыйды.

Диалектикалық және тарихи материализмді үйренетін оқу программасы бойынша алғашқы оқу жылында тыңдаушылар «Маркстік диалектика әдісінің баяндамасының бірінші бөлімі бойынша «Совет Одағының халықаралық жағдайы» деген тақырыпқа әзірленгенімде, мынадай түйінді мәселелерге айырықша тоқталуды қажет деп таптым:. дүниежүзілік екінші соғыстың нәтижелері; ССРО-ның күшеюі және оның халықаралық беделінің өсуі; Орталық және Оңтүстік -Шығыс Европада халықтық- демократиялық елдердің құрылуы; Франция мен Англияның өздерінің бұрынғы позицияларынан айырылуы; капиталистік елдерде жаңа экономикалық қыйыншылықтардың ұлғаюы, екі лагерьсабақтар болды. Онда тыңдаушылар өздерінің съезд материалдарын жақсы үйренгендіктерін көрсетті. Ұйірменің мүшелері С. Анохин, М. Пасечная, М. Руднев жолдастар және басқалары әңгімелерге белсене қатысып, өздерінің жауаптарында Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзінен және Маленков жолдастың баяндамасынан үзінділер келтірді.

Ұйірме тыңдаушылары Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық

Қала өнеркәсіп орындарының коллективтері арасында I май құрметіндегі социалистік жарыс күннен- күнге кеңінен өріс алуда.

СУРЕТТЕ: Былғары заводының күндік нормасын 140 процент орындаушы жұмысшысы комсомолка Лидия Антоненко жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Суармалы огород егеді

Полудень ауданындағы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері үстіміздегі жылы тұңғыш рет 15 гектар жерге суармалы огород егістерін егеді. Бұл жерге капуста, помидор, қыяр және басқа да овощтар егілетін болады.

Колхоз огородты суаруды механикаландыру үшін тұрбалар, мұнаймен жұмыс істейтін двигатель, 100 парник рамын сатып алды. Арнаулы овощь бригадасы құрылды.

Сталин атындағы колхозда да суармалы огород егу ұйымдастырылуда. Огород құдық арқылы суарылатын болады.

Сталин атындағы және Чапаев атындағы колхоздар қала халқына жүздеген центнер капуста, памидор, сәбіз және қыяр сататын болады. Суармалы огород шаруашылықтарға қосымша оңдаған мың сом кіріс береді.

ЖАС МАМАН КАДРЛАР

Чистов астық совхозындағы түрлі мамандар даярлайтын мектеп өткен жылы республика совхоздарына 136 маман кадр даярлап берген болатын. Кәзір мектептің электр механиктерін және электр монтерлерін даярлайтын курстарында 117 адам оқып жүр.

Кәзір мектеп құрылыс бригадалары бригадирлері мен десятниктер даярлай-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 27 апрель. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 27 апрельде былай деп хабарлады:

Өткен күні майдандарда барлау әрекеттері жүргізілді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның үш самолетін атып түсірді.

Уақытша бітім жасау туралы келіссөздер

ПЕКИН, 26 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан мынадай хабар берді:

Бүгінгі күндізгі сағат 2-де Кореядағы уақытша бітім жасау туралы келіссөздердегі екі жақтың делегацияларының пленум мәжілісі қайтадан басталды. Корей-қытай жағы делегациясының басшысы генерал Нам Ир бұл мәжілісте мәлімдеме жасап, соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешуге қатысы бар нақтылы шараларды ұсынды. Төменде генерал Нам Ирдің мәлімдемесі және корей-қытай жағының ұсыныстары келтіріледі:

Біздің жағымыздың командашылары 1953 жылғы 28 марттың өзінде екі жақтың ауру және жаралы соғыс тұтқындарын соғыс қыймылдары кезінде ауыстыру туралы мәселені ақылға қонымды шешу соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешуге және бұл арқылы, бүкіл дүние жүзі халықтарының тілегіне сәйкес Кореяда уақытша бітім жасауға жол ашуға тиіс екенін көрсетті. Кәзір ауру және жаралы соғыс тұтқындары кідіріссіз ауыстырылып қана қоймай, оның үстіне біздің жағымыз соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешу жөнінде ерекше маңызды ұсыныс енгізді. Сондықтан екі жақтың делегацияларының бірлесіп күш салуы арқасында Кореяда уақытша бітім жасалуын қамтамасыз ету үшін уақытша бітім туралы келіссөздерді қайта бастайтын және соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешетін уақыт жетті. Кәзір, біз өзіміздің ұсынысымызды жүзеге асыру жайында сіздің жағыңыздың 16 апрельде жасаған үш пунктті нақтылы ұсыныстарыңызды зерттеп қарағаннан кейін, біз екі жақтың делегацияларының мәжілістерінде кеңесудің және мәселені талқылаудың негізі ретінде, біздің жағымыздың ұсынысын жүзеге асыру шараларын ұсынғымыз келеді. Кореяда уақытша бітім жасалуын бүкіл дүние жүзі асығып күтуде. Екі жақ бейбітшілікті тілеп, өзара келісу рухында іс істейтін болса, онда кәзір Кореяда уақытша бітім жасауға бөгет болып отырған соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселені екі жақтың өзара кеңесуі және ынтымағы жолымен ақылға қонымды шешуді қамтамасыз етуге толық мүмкіншілік бар екеніне біз сенеміз.

Біз, деді, оның ішінде олардың үйлеріне, бейбіт тұрмысқа қайтуға толық праволы екенін мәлімдеу мақсатымен соғыс тұтқындары арасында түсінік жұмысын жүргізу үшін, бұл бейтарап мемлекетке өздерінің өкілдерін жіберуге право, мүмкіншілік берілуге тиіс.

4. Бұл соғыс тұтқындары бейтарап мемлекетке келгеннен бастап және бұл соғыс тұтқындары тиесілі елдер олар арасында түсінік жұмысын жүргізгеннен кейін 6 айдың ішінде бейтарап мемлекеттің өкмет орындары өздерін еліне қайтаруды талап ететін барлық соғыс тұтқындарының неғұрлым тез қайтарылуын қамтамасыз етуге және бұл жөнінде ешқандай кедергі жасамауға тиіс. Бұл соғыс тұтқындарын еліне қайтарудың өкімшілік шаралары бейтарап мемлекеттің өкмет орындары мен соғыс тұтқындары тиесілі елдердің өкмет орындары арасында кеңесу жолымен белгіленуге тиіс.

5. Егер осы ұсыныстың 3 және 4 тармақтарында көрсетілген 6 ай мерзім өткеннен кейін де бейтарап мемлекеттің қарауында қандай да болса соғыс тұтқындары қалса, олардың келешектегі тағдыры туралы мәселе, кеңесу жолымен шешу үшін, саяси конференцияға тапсырылуға тиіс, бұл конференцияны шақыру уақытша бітім туралы келісімнің 4 статьясында 60-тармағында белгіленді.

6. Соғыс тұтқындарының бейтарап мемлекетте болуына байланысты барлық шығындарды, оның ішінде бұларды еліне жөнелтуге байланысты шығындарды сол соғыс тұтқындары тиесілі елдер көтеруге тиіс.

ПЕКИН, 26 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кәсоннан мынадай хабар берді:

Генерал Нам Ир бүгін қайтадан басталған уақытша бітім туралы келіссөздердегі екі жақтың делегацияларының бірінші пленум мәжілісін ашып, Кореяда уақытша бітім орнатуға бөгет болып отырған бірден-бір мәселе—соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселені шешуге бағытталған 6 пунктті ұсыныс енгізді.

Бүгін келіссөздерде генерал Нам Ир «екі жақ бейбітшілікті тілеп, өзара келісу рухында іс істейтін болса», онда кәзір Кореяда уақытша бітім жасауға

негізгі белгілері» және «Марксшік философиялық материализмнің негізгі белгілері» деген екі тақырыпты өтуге тиіс еді. Партияның XIX съезінің материалдары мен И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін үйренуге байланысты үйірменің оқу программасы ұлғайды. Ұлы көсемнің данышпандық жаңа еңбегі мен съезд материалдары тыңдаушылардың ой-өрісін бұрынғыдан да кеңейтті. Съезд материалдары мен Сталин жолдастың еңбегін үйрену тыңдаушылардың марксшік философия мәселелерін терең түсінуіне көмектесті.

Тыңдаушылардың материалды терең үйренуі насихатшының теориялық даярлығына және методикалық шеберлігіне байланысты екені мәлім. Осылай болғандықтан мен әрбір сабаққа күнілгері мұқият әзірленіп, оны қызықты өткізу мәселесіне ерекше назар аударамын. Оқулықтардан басқа қосымша әдебиеттерді пайдаланамын. Тыңдаушылардың назарын тақырыптың түйінді мәселелеріне аударамын. Мәселен, Г. М. Маленков жолдастың

дің —АҚШ бастаған агрессиялық, антидемократиялық лагерьдің және бейбітшілік сүйгіш, демократиялық лагерьдің құрылуы, ССРО мен халықтық демократия елдері экономикасының өсуі, дүниежүзілік біртұтас рыноктың ыдырауы.

Лекцияның алдында тақырыптың мазмұнын білдіру үшін тыңдаушыларды жоғарыда айтылған басты мәселелермен таныстырдым.

Халықаралық жағдай жөніндегі мәселелерді географиялық материалсыз үйренуге болмайды. Маленков жолдастың баяндамасында айтылған елдерді саяси картадан көрсетіп, оларға шолу жасаумен бірге, мен елдерді топ-топқа бөліп, географиялық анықтама бердім.

Осы сыяқты, лекцияның барысында тыңдаушыларға кейбір шетелдердің жерінің көлемі, халқы, экономикалық жағдайы және ол елдердегі саяси партиялар жөнінде қажетті мәліметтер бердім. Сабақты осылай ұйымдастыру өзінің тиісті нәтижелерін берді.

Партияның XIX съезінің материалдарын өткеннен кейін бұл жөнінде қорытынды

еңбегін үйрену ісінде зор белсенділік көрсетті. Бұл еңбектің барлық мәселелері жөнінде үйірмеде лекциялар оқылды. Мұнан кейін белгілі мәселелер жөнінде семинар сабақтары өткізілді. Семинар сабақтарына әзірленгенде тыңдаушылар үйірмеде тыңдаған лекцияларын Сталиндік еңбекті өздігінен оқып, толықтырды және бұл жөнінде конспекті жасады. Осы сыяқты, семинарға әзірлік кезінде тыңдаушылардың тілегі бойынша арнаулы консультациялар өткізілді. Мұның өзі семинар сабақтарын ойдағыдай өткізуге қолайлы жағдай туғызды. Әрине, мұның бәрінен Сталиндік еңбекті үйрену ісі аяқталды деген ұғым тумайды. Үйірме тыңдаушылары Сталин жолдастың экономикалық мәселелер жөніндегі еңбегін терең үйренуді өздерінің басты міндеттерінің бірі етіп қойып отыр.

Кәзір үйірме тыңдаушылары бұрынғы программа бойынша марксшік диалектикалық әдісті үйренін жүр. Олар партия оқу жылын ұлғілі аяқтайды.

А. САФИХАНОВ,
Үйірме насихатшысы, Приешім ауданы.

тын бөлімдерге оқушылар қабылдай бастады.

—00—

Жарияланбаған хаттың дерегі

«ҚОНАҚТАУДАН ҚОЛЫ ТИМЕЙДІ»

Редакцияға түскен осы тақырыпты тілші хатында Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхоздың председателі Г. Айсанов жолдастың колхоз шаруашылығына жанды басшылық ету орнына, уақытты қонақтаумен өткізетіндігі, оның колхозшыларды балағаттап, лайықсыз мінездер көрсетіп жүргендігі айтылған болатын.

ҚКП Булаев аудандық комитеті редакцияға, тілші хаты бойынша тексеріс жүргізіліп, тексерістің қорытындысы аудандық комитеттің бюро мәжілісінде талқыланғандығын, Сталин атындағы колхоздың председателі Айсанов жолдастың жолсыз қылықтары жөнінде тілші хатында көрсетілген фактілердің толық анықталып, Айсановқа қатаң сөгіс берілгендігін, ол есеп карточкасына жазылғандығын хабарлады.

нің және Корей Халық-Демократиялық Республикасы үкметінің 1953 жылғы 30—31 мартта жасаған соғыс тұтқындары туралы бүкіл мәселені шешу туралы ұсынысында және менің осы жылғы 9 апрельде жасаған мәлімдемемде келтірілген принциптер негізінде біздің жағымыз кәзір соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы бүкіл мәселені шешуге қатысы бар мынадай нақтылы шараларды ұсынады:

1. Уақытша бітім туралы келісім күшіне енген кезден бастап екі ай ішінде екі жақ, уақытша бітім туралы келісімнің үшінші статьясының 51-тармағының ережелеріне сәйкес және екі жақ өзара алысып, тексеріп анықтаған соғыс тұтқындарының тұжырымды тізімдеріне сәйкес, өздерін еліне қайтаруды талап ететін барлық соғыс тұтқындарын ешқандай бөгетсіз еліне қайтарып, бұл соғыс тұтқындарын тиесілі жаққа топ тобымен тапсыруға тиіс.

2. Еліне қайтарылуын талап ететін барлық соғыс тұтқындарын тікелей еліне қайтару аяқталғаннан бастап бір айдың ішінде екі жақ тікелей еліне қайтарылмаған басқа соғыс тұтқындарының, өздері кеңесу жолымен келісіп белгілеген бейтарап мемлекетке тапсырылуын қамтамасыз етуге және оларды өздерінің соғыс бақылауынан босатуға тиіс. Бұл бейтарап мемлекеттің өкмет орындары өздері белгілеген ауданда бұл соғыс тұтқындарын қабылдап, өздерінің қорғауына алуға тиіс. Бейтарап мемлекеттің өкмет орындары уақытша өздерінің қарамағында тұрған соғыс тұтқындарын бақылау жөнінде өздерінің заңды қызметтін және міндеттерін атқаруға праволы болуға тиіс.

3. Бұл соғыс тұтқындары бейтарап мемлекетке келгеннен бастап 6 ай бойына, ол соғыс тұтқындары тиесілі елдерге, бұл соғыс тұтқындарының хауіптенуін жою және олардың еліне қайтарылуына қатысы бар барлық мәселелер

рын еліне қайтару туралы мәселенің ақылға қонымды шешілуін қамтамасыз етуге толық мүмкіншілік бар екенін көрсетті.

Генерал Нам Ир өзінің 6 пунктті ұсынысы американ делегациясының басшысы Гаррисонның 19 апрельдегі хатын мұқият зерттеу нәтижесінде енгізілгенін айтты. Жүзеге асырылған күнде бұл нақтылы ұсыныс уақытша бітім туралы келіссөздердегі бірден-бір шешілмеген мәселені, атап айтқанда, соғыс тұтқындарын еліне қайтару туралы мәселені шешуге мүмкіншілік туғызып. Кореяда уақытша бітім жасауға жеткізеді деді Нам Ир.

Қалған соғыс тұтқындары қорғауына берілетін бейтарап мемлекеттер кандидатурасын кеңесу жолымен келісіп белгілеу туралы пункт бұл ұсыныстың негізгі ережелерінің бірі болып табылады. Алайда, американдардың бас делегаты Гаррисон мұндай бейтарап мемлекет Швейцария болуға тиіс дегенді айтты. Генерал Нам Ир бүгін Швейцарияның кандидатурасының «қолайы келмейтіндігі мүлде айқын» екенін көрсетті, өйткені, Швейцария төрт бейтарап мемлекеттің өкілдерінен құралатын, уақытша бітім шарттарының жүзеге асырылуын бақылайтын комиссияның құрамына американ делегаттары ұсынған екі бейтарап мемлекеттің бірі болып отыр.

Генерал Нам Ир егер екі жақ бұл мәселені күш біріктіріп шешуге шын ниетімен ұмтылатын болса, онда соғыс тұтқындары туралы мәселені іс жүзінде шешу жолында ешқандай қыйыншылықтар кездеспейтінін айтты. Ол Гаррисонның келесі мәжілісті 27 апрельде таертеңгі сағат 11-де белгілеу туралы ұсынысын мақұлдап, өзінің енгізген 3 пункті ұсынысының тиісінше зерттелетіндігіне сенім білдірді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Өнімнің түр-түрін өндіру жоспарын орындау—негізгі міндеттердің бірі

Облыс өнеркәсіп орындарының коллективтері партияның XIX съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, мемлекеттік жоспарларды орындауда бірқатар көрнекті табыстарға ие болып келеді. Өткен жылы товарлы өнім шығару жоспарының 100,6 процент, жалпы өнім шығару жоспарының 101,4 процент орындалуы, сонымен қатар, шығарылған өнім мөлшерінің 1951 жылғыдан 14 процент артық болуы мұны айқын дәлелдейді.

Кәсіпорындарында өндірістің ең тиімді әдістерін батыл қолдану облыс бойынша 6 миллион сомнан аса пайда келтіруге, айналымнан 7 миллион сомға жуық қаржы босатуға мүмкіншілік берді. Көптеген кәсіпорындары өнімнің өзіндік құнын едәуір кемітті.

Сонымен қатар, облысымыздың өнеркәсіп орындары өнімнің түр-түрін көбейту, халық шаруашылығының өсін отырған қажеттеріне сай өнімнің сирек кездесетін түрлерін өндіру ісін игеруге де көп еңбек сіңірді. Кәзіргі талаптарды қанағаттандыра алатын өнім түрін өндірудің мемлекеттік үлгілері батыл қолданылады. Міне, бұл жұмыстар облыс кәсіпорындарының партияның XIX съезі директиваларын орындау жолындағы күресті өрістете жүргізуінің нәтижесі.

Өндірістік барлық көрсеткіштер бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болған, өнімнің түр-түрін мол өндіру және оның сапасын жақсарту күресін дәйектілікпен жүргізіп келе жатқан кәсіпорындары облысымызда аз емес. Олардың қатарына Октябрь революциясы атындағы былғары заводын (директоры Шульжицкий жолдас, партия ұйымының секретары Никифоров жолдас) қосуға болады. Бұл кәсіпорны, өнаддымен, өнімнің сорттылығын жоспардағыға қарағанда 0,2 процент арттырды.

Өнімнің сапасын жақсарту күресіне бүкіл завод коллективінің белсене қатысуы мұндай игі табысқа жетудің кепілі екені сөзсіз. Кәзір заводта жоғары сапалы өнім шығарушы 13 бригада бар. Олардың өнімдерінде үстіміздегі жылдың басынан бері ешбір ақау болған жоқ.

Солай бола тұрса да, облысымыздағы жекелеген кәсіпорындарында өнімнің түр-түрін өндіру жөніндегі жоспарды орындауда және өнімнің жаңа түрлерін шығару ісін меңгеруде елеулі олқылықтарға жол берілді. Мәселен, «Комсомолка» тігін фабрикасында (директоры Ермолин жолдас) өнімнің сорттылығы жөніндегі жоспар орындалғанымен, күні осы уақытқа дейін базалардан дайын өнімнің қайта өңдеуге қайтарылуы жиі кездеседі. Өткен жылы тігін фабрикасына базалардан 4 мың дана өнім түзетуге қайтарылды.

Атап айта кету қажет, өнімнің сорттылығының төмендеуіне кәсіпорындарындағы жұмысшылардың бірқатарының технологиялық тәртіпті көп реттерде бұрмалауы, техникалық бақылау бөлімдерінің өз жауапкершіліктеріне жете мән бермеуі себеп болады. Ал, кейде техникалық бақылау бөліміне өнім сапасын тексеруге білімі де, тәжрибесі де аз адамдар алынады. Мұның өзі өнімнің техникалық шарттарға сай шығарылмауына әкеп соғады.

Жоғарыда айтылған тігін фабрикасы жоспар бойынша белгіленген өнімнің 21 түрі ішінен өткен жыл бойына 12 түрлі ғана өнім шығарып келді.

Өткен жылы аяқкиім фабрикасында өнімнің ешбір түрі бойынша тағайындалған жоспарды орындаған жоқ. Бұл кәсіпорны ақаудың көп кездесуі салдарынан 434 мың сом зиян шекті, ал бірінші сортты өнімнің көрсеткіші 56,5 процентке ғана жетті. Шынында, жоспар бойынша фабрика бүкіл өнімнің 75 процентін жоғары сортты етіп шығаруға тиіс еді.

Істің жайы май өндірісі тресінің май заводтарында да айтарлықтай емес. Трест қарамағындағы заводтардың сапа үшін күресті нашар ұйымдастыруы 19 мың сом мөлшерінде зиян шегуге әкеліп соқты.

Мұндай жағдайлардың өзі аталған кәсіпорында жаңалық бастамаларды өндіріске батыл енгізуге әлі жете мән берілмейтіндігін, өндіріс жаңашылдарының игі бастамаларының кезінде қолдау таппайтындығын көрсетеді.

Өндірістік барлық көрсеткіштер бойынша соңғы жылдары үнемі жақсы нәтижелерге ие болып келген шағын двигательдер заводының жекелеген цехтарында үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсандарында елеулі ақауларға жол берілді. Завод директоры Сердюков, партия ұйымының секретары Исаков жолдастар өндірістік тапсырмаларды орындау күресін байыптылықпен, өрістете жүргізудің орнына науқаншылдыққа жол береді. Жоспар сан көрсеткіштері жағынан әрбір айдың соңғы күндерінде жұмысты «жеделдету» есебінен орындалады. Ал, мұндай жағдайда өнімнің сапасына үлкен нұқсан келетіні өзінен өзі мәлім. Оның үстіне заводтың инженерлері мен техниктері ақауды жою жөніндегі техникалық мәселелерді мейлінше баяу шешеді.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында жергілікті өнеркәсіп орындарының алдына көпшілік қолды тұтыну заттарын өндіруді, шамамен, 60 процент арттыру міндеті қойылды. Сонымен қатар, көпшілік қолды товарлардың түр-түрін шығаруды кеңейту талап етілді. Алайда, біздің облысымыздың жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындары бұл міндеттерді орындау жөнінде әлі де болса елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Мәселен, облыстық кәсіпшілік одағы (президиумның председателі Трушкин жолдас), әсіресе, жергілікті жерде өнеркәсіпті өркендетуге нашар басшылық жасап отыр. Расын айту керек, соңғы бес жыл бойына облыстық кәсіпшілік одағы жүйесінде өнімнің жаңа түрінің бірде-бірі меңгерілген емес.

Бұдан былайғы жерде мұндай кемшіліктерге мүлдем жол беруге болмайды. Біздің социалистік өнеркәсібіміздің алдына қойылған аса маңызды және жауапты міндеттерді орындауға толық мүмкіншілік бар. Өнеркәсіптің барлық салалары ең жаңа техникамен жабдықталған, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің маман кадрлары жеткілікті, сол сыяқты, кәсіпорындары шикізат пен материалдар жөнінен таншы болып отырған жоқ. Сондықтан осы мүмкіншіліктердің барлығын пайдалана отырып, жұмыстағы кемшіліктерді толық жою керек. Сөйтіп, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске өзіміздің келелі үлесімізді қосайық.

Ш. АЛЕКСАНДРОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ҰРЛАП ӘКЕТУ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ЦЫГАН БАРОНЫ»
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Үкмет қаулысына сәйкес байланыс министрлігінің радиоторабтарында радио тыңдаған үшін алынатын ақы 1 апрельден бастап айына 5 сом болып тағайындалды.

Радиоточка орнату және бұрыш үзіп тасталған точкаларды жаңадан қосу үшін заявкалар барлық радио торабтарында қабылданады.

Петропавл қаласы, Москва көшесі, 20-үйде тұрушы Анна Александровна Мищенко, Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 102-үйде тұрушы Яков Семенович Мищенкодан айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 3 участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор— 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01295. **Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин, көшесі, № 21-үй.**